

**Айқындауыш мүшелердің
тыныс белгісі**

1. Оңашаланған айқындауыш мүшелер сөйлемнің басқа мүшелерінен көбінесе



0Мысалы:

0Ұлжан енесіне бағана, Абай
ұйықтап жатқанда, бар
жайды айтқан (М. Әуезов).

Өз ішінде үтірлері бар жайылма оңашаланған айқындауыш мүшелер екі жағынан сызықша алынып жазылады. Оңашаланған мүше үтірмен бөлінгенде, бірыңғай мүшеге ұқсап кететін жерде де сызықша қойылады:

*О Біз - Мұстафаның екі кіші баласы
Ғаббас пен Шәкен, мен үшеуміз-
үйден шықтық. (С. Мұқанов).*

**Оңашаланған айқындауыш
мүше болатындар:**

0 Өзінен бұрынғы сөздің мәнін айқындап, дәлдеп беретін және сонымен септік жалғаулары жағынан тұлғалас келетін бір сөз не сөз тіркесі:

0 Осы үйдің ер жетіп қалған екі баласын, **Нұрлан мен Нұржанды**, жұрт көп мақтайды.

0 Ә) *Яғни, әсіресе, мысалы, яки, немесе, болмаса, басқаша айтқанда, көбінесе, оның ішінде, тіпті* деген сөздермен басталатын тіркестер өзінің алдындағы сөздің мағынасын дәлдеп тұрса;

0 Ылғалды жерлерде, **көбінесе өзен бойларында**, шөп қалың өседі.



Ескертулер!

0 Мысалы деген сөз оңашаланған мүшенің құрамында болмай, жеке қыстырма сөз ретінде келсе, үтірмен жалғыз өзі ғана бөлінеді:

0 Мысалы, таза мыс электр тогын жақсы өткізеді.



- 0* Әсіресе, көбіне, тіпті, оның ішінде деген сөздер оңашаланған мүше болатын сөз тіркесіне емес, жалпы сөйлемге қатысты болуы мүмкін. Ондайда бұл сөздер ешқандай тыныс белгісімен бөлінбейді:
- 0* Алматылықтар жазда **көбінесе** тауға шығады.

б) Есімдіктен кейін келген
айқындауыштар
оңашаланады:

0 Айтып тұрған мына мен, **Бақбергенмін.**
(М.Әуезов)

0 Жалпы мезгілді, мекенді білдіретін пысықтауыштардан кейін, сол мезгілдің дәл қай кезі, сол мекеннің дәл қай жер екенін ашып көрсететін анықтауыштар оңашаланады:

0 Түнде, сағат 12-де, поезд келді.

0 Сияқты, ретінде, қатар, емес (емей), түгіл деген сөздермен келгенде және –дай, -дей, -тай, -тей жұрнақты сөздермен келген тіркестер де, оңашаланған мүше сияқты, сөйлем ішінде үтірмен бөлінеді:

0 Жамбыл 70-80 жылдарда, ұсақ өлеңдермен қатар, көлемді жырлар да шығара бастады.

О Қарамастан, қоспағанда, есептемегенде
деген сөздерге аяқталатын тіркестер де
үтірмен бөлінеді:

*О Жорыққа аттанған шаңғышылардың саны,
кешігіп қалған екеуді қоспағанда, он*
алты.





0 Оңашаланған мүше инверсияланып (әдеттегі орын ауысып) келуі мүмкін, ол күнде де сөйлем ішінде үтірмен ажыратылады:

0 Мұқанның баласы ғой, **менің былтыр өлген ағамның.**

0 Мұқанның, **менің былтыр өлген ағамның,** баласы ғой.

Пысықтау сұрақтары:

Кім жүйрік?



1 СҰРАҚ





0 Сөйлемнің тыныс белгілерін қой.

0 Абай былтыр боқырауда күзем үстінде қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан Есенбайдан кеткен болатын.

Жауап:

0 Абай былтыр бокырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде, дәл осы қоныстан, Есенбайдан, кеткен болатын.

Кім жүйрік?



2 СҰРАҚ





- 0* Мына сөйлемнің ішіне үтір қойылмайды. Келісесіз бе?
- 0* Олардың ішінде үй іштерімен шығатындар да көп.



2 ЖАУАП



Кім жүйрік?



3 СҰРАҚ

0 Тыныс белгісін қой.

*0 Олар жас жігіттер мен жас қыздар
қиын жұмыстардан бас тартпады.*

3 Жауап:

Олар, жас жігіттер мен жас қыздар, қиын жұмыстардан бас тартпады.

4 СҰРАҚ

- 0 Сөйлемнің ішінен айқындауыш мүшені анықта, тыныс белігісін қой:*
- 0 Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің Құнанбайдың кәрі шешесінің көк арбасы десе де болады.**

4 ЖАУАП:

0 Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің, **Құнанбайдың кәрі шешесінің**, көк арбасы десе де болады.

